

6D074800 - «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін PhD докторант **Актолкын Кинязбековна Ибадуллаеваның философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін «Андыздың (*Inula L.*) кейбір түрлерінен фитосубстанциялар алудың әдістемелік тәсілдемелері және олардың негізінде дәрілік қалыптар жасау» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысына**  
**ШКІРІ**

Республикада Денсаулық сақтаудың маңызды міндеттерінің бірі ұлттық дәрі-дәрмек саясатын іске асыру, атап айтқанда халықты жаңа тиімді, зиянсыз, қолжетімді дәрілермен қамтамасыз ету, импортқа тәуелділікті азайту, жаңа дәрілік заттарды іздестіру, оларды іс жүзінде пайдалану үшін олардың негізінде препараттарды енгізу болып табылады. Өсімдік ресурстарын тиімді пайдалану және сақтау – мемлекет аралық деңгейдегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

*Inula L.* туысының *Inula britannica L.* және *Inula caspica F.K. Blum ex Ledeb* биологиялық белсенді заттарға бай перспективті дәрілік өсімдік ретінде практикалық қызығушылық тудырады. Қазіргі уақытта *Inula L.* дәрілік өсімдік шикізаттары Қазақстанда айтарлықтай зерттелмеген. *Inula L.* туысы Қазақстан Республикасының барлық аудандарында кең таралған. *Inula L.* туысы – астралылар тұқымдасына жатады. Республикамызда бұл тұқымдас барлық Сортаң және тұзды шабындықтарда, туғайларда, қамыс пен қоғалы қалың өскен жерлерде, тауларда орта белдеуге, орман шетінде, жол бойында және егістіктерде кездеседі.

*Inula L.* туысының аз зерттелуіне байланысты ДӨШ биологиялық белсенді заттарды бөлудің оңтайлы әдістерін таңдау, сонымен қатар экстракттарды алудың және оның негізінде дәрілік қалып алудың технологиялық аспектілерін әзірлеу және оларды стандарттау өзекті мәселе болып табылады.

Фармацевтикалық технологияны дамыту және *Inula britannica L.* дәрілік өсімдік шикізатынан алынған экстрактты және оның негізінде дәрілік қалыпты стандарттау диссертациялық жұмыстың мақсаты болып табылады

Үлкен көлемді жұмыс орындалды: *Inula britannica L.* өсімдік шикізатына арналған нормативтік құжаттардың жобалары және оның негізіндегі экстракт пен дәрілік қалып алынды, оларды талдау әдістері сынақтан өткізілді және енгізілді.

*Inula L.* өсімдік шикізатына және одан алынған экстракттарға нормативтік құжаттар жобасы жасалынып, жобаларда көрсетілген әдістемелер мен әдістер енгізілді:

– *Inula britannica L.* және *Inula caspica ex de Ledeb Blume* өсімдік түрлерін идентификациялау Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Алматы қаласындағы «Ботаника және фитоинтродукция институты»

берген №01-09/205-1 анықтамасымен 09.08.2019 ж. және №01-09/205 анықтамасымен 03.08.2020ж. расталды;

– Андыздың (*Inula L.*) кейбір түрлерінен фитосубстанциялар алудың әдістемелік тәсілдемелері және олардың негізінде дәрілік қалыптар жасау бойынша GACP талаптары бойынша *Inula britannica L.* және *Inula capsica ex de Ledeb Blume* шикізаттарын дайындаудың технология тәсілдерін тәжірибелік қолдану "Fitoleum" ЖШС, Есік қ., Қазақстан енгізу актісімен расталды;

– Перколяция әдісімен экстракт алу. *Inula britannica L.* өсімдік шикізатынан перколяция әдісімен экстракт алудың технологиялық үрдістері. "Fitoleum" ЖШС-да енгізу актісімен расталды;

– Перколяция әдісімен экстракт алу. *Inula britannica L.* өсімдік шикізатынан перколяция әдісімен экстракт алудың технологиялық үрдістері. «Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми орталығы» ЖШС-да енгізу актісімен расталды;

– Ультрадыбысты экстракция әдісімен экстракт алу. *Inula britannica L.* өсімдік шикізатынан ультрадыбысты экстракция әдісімен экстракт алудың технологиялық үрдістері «Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми орталығы» АҚ-да енгізу актісімен расталды;

– Британ андызы экстрактымен гранула алудың технологиялық сызбасы және оңтайлы құрамын жасау. Ылғалды түйіршіктеу әдісімен британ андызы экстрактымен гранула алудың технологиялық үрдістері «Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми орталығы» АҚ-да енгізу актісімен расталды.

Диссертант «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ Химия және химиялық технология факультетінің дәрілік өсімдіктерді ғылыми зерттеу орталығында докторлық диссертация аясында ғылыми тағылымдамадан өтті.

Диссертант отандық және шетелдік деректерге тәуелсіз шолу жасап, оларды жан-жақты талдаудан өткізді. Докторлық диссертация аясындағы зерттеулердің барлық кезеңдері толық орындалып, олардың нәтижелерімен дәлелденді. Зерттеу нәтижелерінің нақтылығы мен негізділігі зерттеу объектісіне сәйкес келетін әдістер жүйесінің дұрыс таңдалуымен қамтамасыз етілді. Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы, сондай-ақ алынған нәтижелердің сенімділігі мен дәлдігі ешқандай күмән туғызбайды

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері 12 ғылыми еңбекте, оның ішінде 1 мақала Scopus халықаралық дерек қорына кіретін журналда, 4 мақала Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, 5 мақала халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында, 2 пайдалы модельге патенті жарияланған.

*Inula L.* туысына жататын *Inula britannica L.* және *Inula caspica F.K. Blum ex Ledeb* өсімдіктерінен дәстүрлі және заманауи экстракция әдістері арқылы экстракттар алынды. Олардың ішінен ең тиімдісі ретінде ультрадыбыстық экстракция әдісі таңдалып, экстракция жүргізудің оңтайлы параметрлері

анықталды. Алынған экстракттардың химиялық құрамы газ хроматографиясы, газ-хромато-масс-спектрометрия және жоғары тиімді сұйық хроматография әдістері арқылы зерттелді.

*Inula britannica* L. өсімдік шикізаты негізіндегі экстрактының қауіпсіздігін анықтау бойынша зерттеулердің дәлелді базасы клиникалық сынақтар үшін пайдалану ұсынысымен жүргізілді. Клиникалық маңызды грамм-оң және грамм-теріс тест-микроорганизмдеріне қатысты микробқа, фунгицидке қарсы және антиоксиданттық әсерлері анықталды.

*Inula britannica* L. түрінен алынған экстракт және дәрілік қалып алуың оңтайлы технологиясын таңдау, оның компоненттік құрамын анықтау және стандарттау, қауіпсіздік пен биологиялық белсенділікті бағалау бойынша зерттеу нәтижелері бойынша барлық қойылған міндеттер толық көлемде орындалды.

Актолкын Кинязбековна Ибадуллаева зерттеу жұмысы бойынша дағдыларға ие, Фармация мектебінің ғылым-білім беру процесіне белсенді қатысты.

Диссертант профессорлық-оқытушылық құрамы арасында және студенттермен қарым-қатынаста сыпайы және мейірімді, адал, еңбекқор, жауапты және докторантурада оқу кезеңінде өзінің білімділігі мен жоғары жауапкершілігімен ерекшеленді.

Докторанттың дайындық деңгейі, докторлық диссертацияны орындау сапасы Актолкын Кинязбековна Ибадуллаеваны 6D074800—«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша PhD дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынуға мүмкіндік береді.

**Ғылыми кеңесші,  
фарм.ғ.д., фармацевтикалық және  
токсикологиялық химия кафедрасының меңгерушісі,  
қауымдастырылған профессор**



Бошқаева А.К.